

- места захоронения ядохимикатов и химических отходов;
- б) охраняемые памятники природы и природные объекты;
- в) ландшафты, нарушенные под влиянием деятельности человека;
- г) ключевые участки по двум категориям.

Список использованной литературы:

1. Ашихмина Т.Я. Школьный экологический мониторинг. – М.: Агар, 2000. – 386 с.
2. Шалгынбаев С.Т. и др. Экологический практикум для школьников. – Алматы: «Қазақ университеті», 2004. – 160 с.
3. Муравьев А.Г. Экологический мониторинг (факультативный курс для школьников 9-11 классов). – Спб, 1998. -39 с.
4. Цветкова Л.И. и др. Экология. – Санкт-Петербург: 2001. – 550 с.

Мақалада мектеп оқушыларының ғылыми зерттеулерін ұйымдастыру бойынша мәліметтер, жұмыстардың негізгі кезеңдері және мектептің экологиялық төлқұжатының формасы ұсынылады.

Data on organization of scientific research of pupils, main stages of science-research activity is given in the article.

ӘОЖ 37.026:378(574)

Мұқанбетова Ш.Т.

п.ғ.к.,

М.Өтемісов атынағы БҚМУ

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРДЫ
ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТҮРҒЫДАН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Дүние жүзінде кез келген елдің жоғары кәсіптік білім беру жүйелері қоғам дамуының барлық кезеңдерінде постиндустриалдық қоғамның талаптарын қанағаттандыруға бағытталып отырады. Қоғам жоғары оқу орнын бітіруші түлектерден академиялық және әлеуметтік мобильділікті, кәсіптік дайындықтың жоғары деңгейін, өз бетімен білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге дайындығын талап етеді. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің Болон процесіне енуіне байланысты күтілетін әлеуметтік нәтижелерге білім сапасының жоғары көрсеткіштері жатады. Білім сапасының жаңа деңгейіне қол жеткізу оның іс-әрекеттік негізінде құру, жекелеу, білім беру траекториясын құру арқылы жүреді. Бұл жағдайда студенттердің өз бетімен білім алу әрекеті басты міндет болып табылады.

«Өздік жұмыс» ұғымын бүгінгі ғылымда зерттеуші авторлар әртүрлі мағынада қолданып жүр. Бұның себебі, ең алдымен, «өз бетімен» сөзінің мазмұнына қандай мән берілетіндігіне тәуелді болып келеді. Бұл ұғымға мынадай түсініктемелер берілген: оқытуды ұйымдастырудың формасы және оқыту әдісі; студенттің өз бетімен орындауы үшін арнайы тапсырмалар; оқу процесі барысында оқытушының тікелей қатысуынсыз жүретін білім алушылардың; оқу процесін басқару барысында білім алушылардың өз бетімен орындайтын ойлау операциялары; білім алушыға тапсырманың мазмұнын және оны орындау тәсілдерін таңдап алу мүмкіндігі берілетін, оны орындау уақыты қатаң түрде шектелмеген жұмыс.

Алайда өздік жұмыс ұғымы оқытушының берген тапсырмасын білім алушының орындауы барысындағы жұмысын белгілеуде жиі қолданылады. «Өздік» ұғымының екінші мағынасын түсіндіруде маңызды бір нәрсе бар: білім алушылар дербес түрде ойлауды, зерделеуді және проблеманы шешуді жүзеге асыру керек. Бұнда оқу жұмысының фронтальды немесе жеке формада орындалуы маңызды емес. Өз бетімен жұмысты дәріс барысында да жүргізуге болады және оны жүргізу қажет деген пікір бар.

«Өздік» ұғымының келесі мағынасы оқытушының кері байланысты төмен деңгейде орнатуы жағдайында қарастырылады, яғни оқытушы тарапынан бақылау студенттің іс-әрекетіне емес, іс-әрекет нәтижесіне бағытталады. Бұнда білім алушының өз бетімен орындайтын іс-әрекетінің екі түрін белгілейді: операцияларды орындауда оқытушы тарапынан жоғары деңгейлі реттеу жағдайындағы іс-әрекет (кейде оны «орындаушылық» деп те атайды) және іс-әрекеттің мақсаты мен іс-әрекет нәтижесін, оны орындау құралдары мен жолдарын білім алушының өзі анықтайтын іс-әрекет.

Жоғарыда айтылған түсіндірмелерден мынадай қорытынды жасауға болады: білім алушыға міндетті түрде өз бетімен орындау үшін тапсырма ұсынылады және тапсырманы орындау сәтінде оқытушы білім алушымен тікелей өзара әрекетке түспейді, бірақ педагог тарапынан білім алушының өздік жұмысын орындау барысын басқару орын алып отыр. Шын мәнінде, өздік жұмысты «оқытушының тапсырмасы бойынша және әдістемелік басқаруымен орындалатын, бірақ оның тікелей қатысуынсыз жүретін білім алушының жоспарланған жұмысы» деп түсіндірілуінен (оның «жоспарлануы» және «оқытушының

әдістемелік басқаруымен» жүзеге асуы негізінде) оқытушы тарапынан белгілі бір деңгейде басқарылатындығын байқауға болады.

В.М.Рогозинскийдің анықтамасы бойынша, өздік жұмыс «нақты нәтижеге қол жеткізу үшін жоспарланған танымдық, ұйымдастыру және әдістемелік жағынан бағыттап отыруға болатын, оқытушының тікелей көмегінсіз жүзеге асатын студенттердің әрекеті» болып табылады. Анықтамада нәтиженің нақтылығы қатаң белгіленген. Ол нәтижені студенттің әрекетін жоспарлайтын және бағыттайтын - оқытушы. Яғни, педагог оқу субъектісі болып табылатын білім алушының белсенділігін басқарады.

Білім алушының белсенді позициясын өздік жұмыстың ажырамас белгісі ретінде сипаттай отырып, Т.А.Ильина өздік жұмысқа «мұғалімнің тікелей қатысуынсыз, бірақ оның жетекшілігімен жүзеге асырылатын, сабақ үстінде де, сабақтан тыс уақытта да орындалатын, танымдық процестердің жоғары белсенділігімен сипатталатын білім алушылардың фронтальды, топтық және жеке оқу әрекетінің ерекше түрі және оқыту процесінің тиімділігін арттыру және білім алушылардың өз білімдерін өз бетімен жетілдіру құралы болып табылады» деген анықтама берді.

Шетелдік педагогикалық әдебиеттерде өздік жұмыстың түрлі жақтарын ерекшелейтін бірқатар терминдер қолданылады. ГФР-да «жанама оқыту» түсінігі қолданылады, бұл оқытушының жанама басқаруы арқылы жүргізілетін жұмыс деп түсіндіріледі. Австрия, Швейцарияның педагогикалық әдебиеттерінде «тыныш жұмыс» термині қолданылады, француз және ағылшын әдебиеттерінде «жеке жұмыс» термині кездеседі. АҚШ-та «тәуелсіз жұмыс» термині енгізілген, оның барысында білім алушыларға күтілетін нәтижелер тізімі және оған қол жеткізу критерийлері ұсынылады, бірақ бұнда білім алушыға нәтижеге жету тәсілдерін еркін таңдауға мүмкіндік беріледі.

Білім алушының белсенділігі өздік жұмыстың түрлері шеңберінде әртүрлі көрініс беруі мүмкін. Бұл жағдайда оқытушының білім алушының әрекет-амалдары мен іс-әрекетіне араласу жиілігі маңызды болғанмен, айырмашылықтың жалғыз негізі болып табылмайды. Оқытушы белгілі бір деңгейде басқаратын білім алушының іс-әрекетінің мазмұны маңызды көрсеткіш болып келеді. Бір жағынан, бұл әрекет өз іс-әрекетін

толық басқаруды (мақсат қою, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау және талдау) іске асырмайтын біртекті операцияларды орындау түрінде көрінуі мүмкін. Екінші жағынан, керісінше, өз әрекетінің субъектісі ретінде танылған білім алушының жоғары деңгейдегі өз беттігімен сипатталатын білім алушының әрекеті ең басты болып табылады.

Қазақстан Республикасы жоғары мектебінің қазіргі кредиттік білім беру жүйесі аясында білім беру процесін дамытуда басты назарды білім алушылардың өздік жұмысын ұйымдастыруға аудару өзекті мәселе болып отыр. Бұл дербестікті, нақты жағдайда шешім қабылдай алу іскерлігін, өз іс-әрекетінің нәтижесіне жауапкершілікті өзіне алуды қамтамасыз ететін субъектілі позициясы қалыптасқан адамдардың, ауыспалы өмірлік жағдайда бейімделе алатын, қажетті білімді өз бетімен игеруге қабілетті, түрлі мәселелерді шешуде өз білімін практикада қолдана алатын, ақпаратпен жұмыс жасауды, өз бетімен білім алумен әрдайым айналысатын адамдардың қазіргі қоғамға қажеттілігімен байланысты болып отыр. Сонымен қатар, өздік жұмыстың тәрбиелік мәні зор: ол тек білім мен дағдылар жиынтығын қалыптастырып қана қоймай, сонымен бірге жоғары біліктілікке ие қазіргі маманның тұлғалық құрылымында маңызды орынға ие мінез-құлықтың белгісі ретінде қалыптасады.

Дәстүрлі білім беру жүйесінде студенттердің, магистранттардың өздік жұмысы мемлекеттік білім беру стандартының міндетті компоненттері болып табылады. Өздік жұмысына бөлінген уақыт оқу жоспары және курс бағдарламасымен белгіленеді. Соңғы жылдары оқу пәндерінің жұмыс бағдарламаларында аудиториялық сабақтарға бөлінген сағат сандарының қысқаруы есебінен өздік жұмысқа бөлінетін сағаттар санының жыл сайын артуы байқалады. Егер он жыл бұрын бұндай көрсеткіштер 50/50 құраса, қазір ол - 40/60 құрайды, ал болашақта дәріс пен аудиториялық сабақтарға бөлінетін сағаттардың қысқаруы және өз бетімен дайындыққа 30/70, тіпті 20/80 пайызға сәйкесінше уақыттың артуы күтіліп отыр.

Екі деңгейлі білім беру жүйесіндегі бұл өзгерістер студенттің өздік оқу әрекетіне негізделетін кәсіптік дайындықтың оқу-зерттеу әлеуетінің елеулі артуымен түсіндіріледі. Өздік жұмысқа бөлінетін сағат санын көбейту арқылы бұл жұмысты ұйымдастыру, оны өз бетімен ұйымдастыру арқылы жұмыс нәтижесінің сапасын арттыра алмаймыз. Білім беру мазмұнын таңдау, құрастыру және ұсыну

принциптерін, сондай-ақ берілген мазмұнды меңгеру процесін және нәтижесін бақылау тәсілдерін түпкілікті өзгерту қажет. Сондықтан, өз бетімен білім алу әрекетіне кепілдеме ретінде Болон процесіндегі басым қағидалар түрінде сынақ бірліктер жүйесі (кредиттер) және оқу жоспарының модульдік құрылым жүйесін қарастырады.

Модульдік-рейтингтік технология – практикада оқыту және бақылау-бағалау іс-әрекетін жобалау және жүзеге асыру технологиясы. Бұл технология оқылатын пәннің (курстың) мазмұнын диагностикалық модульдерге орналастыруға негізделген.

Технологияның модульдік құрамы оқу процесін жекелеу тұрғысынан ұйымдастыруға жағдай жасайды (бұл жерде оқытушымен жеке сабақтар жөнінде емес, білім алушыға модульдің берілген сандық есебін жинақтау арқылы жеке оқу жоспарын қалыптастыруға және пәндерді түрлі топтарда оқуға тандау берілетіндігі жөнінде сөз қозғалады). Модульдер - автономды ұйымдастырылған-әдістемелік блоктар. Олардың көмегімен оқыту мазмұны құрылады. Модульдердің мазмұны мен көлемі дидактикалық мақсатқа байланысты, білім алушылардың бейіндік және деңгейлі саралануына, білім алушылардың оқу курсы бойынша жеке қозғалыс траекториясын таңдауына байланысты өзгеріп отырады. Модульдер міндетті және элективті болуы мүмкін. Модульдер былайша қалыптасады: мамандық бойынша оқу жоспарының құрылымдық бірлігі ретінде, ұйымдастыру-әдістемелік пәнаралық құрылымы ретінде - әр түрлі пәндерден тақырыптық белгілері бойынша бөлімдерді жинақтап, біріктіру арқылы, немесе оқу пәні аясында ұйымдастыру-әдістемелік құрылымдық бірлік ретінде. Оқытудың мақсаттары, білім беру нәтижелері нақты көрсетілген, оқу материалын меңгерудің бірізділігі, оны меңгеру сапасын бақылау тәсілдері алдын ала жоспарланған мазмұнды меңгерудің деңгейлері белгіленген модуль білім алушылардың өздік жұмысын тиімді ұйымдастыруда қолайлы форма болып табылады. Модуль оның аралық және қорытынды білім беру нәтижесін қалыптастыруда күшін шоғырландыруға жағдай жасайды. Оқушы бұл жағдайда өзіндік жұмысын жүзеге асыру барысында қиындықтарды сезбейді, себебі қандай мазмұнды, қандай уақытта және қандай деңгейде игеру қажет және меңгерген тапсырманы қалай көрсету керектігін түсінеді.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының мазмұнын екіжақты қарауға болады. Бір жағынан, оның қызметінің объектісі ретінде

оқу процесінде студенттің орындауы қажетті тапсырманың оқу және практикалық жиынтығы. Екінші жағынан, бұл студенттің теориялық және практикалық тапсырманы орындау әрекетінің тәсілі. Қазіргі кезде ЖОО-да өзіндік жұмыстың екі жалпы қабылданған формасы бар. Олардың бірі - дәстүрлі, яғни оқытушының бақылауымен жүретін аудиториядағы өзіндік жұмыс, онда тапсырманы орындау барысында кеңес алуға болады. Өзіндік жұмыстың екінші түрі - аудиториядан тыс студенттің жеке өзіне ыңғайлы уақытта еркін тәртіп бойынша орындалатын жұмыс немесе пәннің ерекшелігіне байланысты шеберханада, лабораторияда болуы мүмкін. Қазіргі уақытта үшінші түрді өңдеп шығару қарастырылуда, бұл аудиториялық жұмысқа қарағанда студенттердің өзіндік жұмыстарының аралық нұсқасы. Ол студенттерден дербестікті, тапсырманы орындауда бірегейлікті қажет етеді. Өзіндік жұмыстың берілген түрі психологиялық-педагогикалық жаңалықтармен, тапсырманың мағыналы бөлігі ретінде, кеңес берудің және бақылаудың көрінісі.

Өзіндік жұмыстың мына түрлері бөлінеді:

- үлгі бойынша шығарылған жұмыстар, біліктікті және дағдыны қалыптастыруы және оны берік бекітуі қажет;

- реконструктивті-вариативті өзіндік жұмыс, қарапайым жағдайда тапсырманы мағыналы ауыстыра алатын, ойлау белсенділігіне жағдай туғызатын және креативті әрекеттік негізін қалыптастырады;

- эвристикалық өзіндік жұмыс, жауапты танымал үлгіден шығып іздейтін дағды мен біліктілікті қалыптастырады. Олар қажетті білімді алуға, жаңа шешім табуға, жалпылауға, білімді жүйелеуге үйретеді, ойдың тереңдігін, ыңғайсыз жағдайда жол таба білу қасиетін шығарады. Ол өзіндік түсіндіру, фактіні, көріністі талдау, ақпарат арқылы қорытындыны негіздеу немесе бөлу және есептеу болу мүмкін.

- жұмыс, жүру барысында оқушылардың жаңа білімді алуы, білімді өз бетімен іздеуде тәжірибе алуы, өзін-өзі жетілдіруі, проблемді тапсырмаларды шешуі болып табылады;

Өзіндік жұмысты педагогтың ұйымдастыру алгоритмі құрылды.

Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың төмендегідей сатыларын ұсынамыз:

1. Нақты өздік жұмыстың мақсатын құру;

2. Берілген өздік жұмыстың шеңберінде оқытудың жоспарланған нәтижесін белгілеу және оны анықтау тәсілі;
3. Өзіндік жұмысты оқытудың жоспарланған нәтижесіне қол жеткізуді бағалау құралын жинақтау және өңдеу;
4. Берілген тақырып шеңберінде өзіндік жұмыстың формасы, әдісі, технологиясына байланысты мазмұнын іріктеу, студенттердің алдағы орындайтын міндетті өздік жұмыстарының ресурстарын анықтау қажет;
5. Өзіндік жұмыстың мазмұнын, көлемін, форматын, деңгейлік нұсқауын анықтау (кеңес беру);
6. Жоспарланған білім беру нәтижесі бастапқы нұсқаулық және кеңес беру шеңберінде студенттерге ұсынылады;
7. Аралық кеңес берудің және мониторингтің жүзеге асуы (егер қарастырылатын болса);
8. Қорытынды бағалауын жүзеге асыру.

Аталған сатылардың ішінде өзіндік жұмыстың мақсатын белгілеу - оқытушы үшін ең маңызды кезеңдердің бірі. Сондықтан мақсатты белгілеуге кеңірек тоқталып кетуді жөн көрдік.

Кез келген өзіндік жұмыстың мақсаты ретінде (үлгі бойынша, реконструктивті-вариативті, эвристикалық, өзін-өзі жетілдіруді меңгерген тәсілін бекіту) жоспарланған оқытудың нәтижесі, терминдерді қолдануы жалпылама формада қалыптасқан, дидактикада қабылданған және барлық білім беру үрдісінде қатынасушылардың бірдей түсінуімен түсіндіріледі.

Нақты қойылған мақсаттар мысалы:

- 1) мәдени-тарихи дәуірдегі өнер, талғам, өнер бағыттар және дәстүрлі мектептердің даму заңдылықтары жөнінде; өнер туындыларының мысалында олардың құндылықтары, мұраты және эстетикалық қалып туралы түсінік алу;
- 2) математиканың әдістері жөнінде, математиканы ғылымның әмбебап тілі ретінде, үрдісті және көріністі модельдеу тәсілі туралы түсінік алу;
- 3) дұрыс аударылған шетел мәтінін түсінуге (аудару және оқу), таңдалған сала бойынша бағдарлау, байланысты айтылған ақпараттарды тарату (сөйлеу және жазу), қарым-қатынас жағдайында жоспарлауға үйрену;
- 4) ұйым қызметкерлерін басқару саясатында өтемақыны өңдеу технологиясын игеру;
- 5) әдебиетке талдау жасау негізінде кәсіби мәселелерін шешуге үйрену.

Осылайша, құзыреттілік тұрғыдан ұйымдастырылған өздік жұмысы студенттердің мобильділігін, ақпараттық, проблеманы шешу құзыреттілігін қалыптастыруға қажетті жағдайлар жасайды. Студенттердің өзіндік жұмыстары оқу жұмысының барлық басқа түрлерінің міндеттерін қорытындылайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік / Бас редактор Ж.Қ.Түймебаев. А., 2009.
2. Ильина Т.А. Педагогика. М., 1998.
3. Инновации в российском образовании: послевузовское и дополнительное профессиональное образование. М., 2000.
4. Альманах «Продуктивное образование»: от школьного проекта – к профессиональной карьере: материалы международной конференции / Под ред. Е.А.Александровой. – М., 2007. – Вып.10. – Ч.1

В статье анализируется понятие «самостоятельная работа» и излагаются пути организации самостоятельной работы студентов, магистрантов на основе компетентностного подхода.

In clause analyzed the concept of «independent job» and stated the ways of organization of independent job of students, masters on a basis of competent approach.

УДК 378,6

Тасимова А.А.

к. п. н. РФ, РК, доцент,
АГУ им. К. Жубанова,

Институт гуманитарных исследований

ИННОВАЦИОННЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК ОСНОВА ПЕДАГОГИЧЕСКОГО МАСТЕРСТВА

Республика Казахстан признана мировым сообществом как государство с рыночной экономикой. За короткий исторический период независимости страна достигла значительного роста в экономике, интегрируясь с мировым сообществом.

В этом контексте возрастают роль и значение системы образования, человеческих ресурсов как критериев уровня общественного развития, экономической мощи и национальной безопасности страны. Изменения в системе общественных